



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



18 қазан, сейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

№158 (20432)

www.facebook.com/syrboyi.kz / www.instagram.com/syrboyi_kz / https://twitter.com/syrboyi / t.me/syrboyi_kz

3 Теңізден тін тартқан тарих

АРАЛ ҚАЛАСЫНА 25 ЖЫЛ

4 Сергектікті серік еткен сексен бес

5 “Әкенді ауылға жиі әкеліп тұршы...”

6 Мұнай өндірісінің майталманы

ПРЕЗИДЕНТ

ЕЛШІНІ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Ұлыбританиядағы жаңадан тағайындалған елшісі Мағжан Ілиясовты қабылдады.

Өңгімелесу барысында Мемлекет басшысы Біріккен Корольдікпен арадағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту аса маңызды екенін атап өтті.

Президент Мағжан Ілиясовқа екі ел арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық іс-әрекетті жандандыруға және басқа да мәселелерге қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

ТОҒЫЗ АЙ ЖӘНЕ НАҚТЫ ТАПСЫРМА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевты қабылдады. Мемлекет басшысына Алматы қаласының биылғы тоғыз айдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындысы туралы есеп берілді.

Қала әкімі Президентке экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларының орындалуы жөнінде баяндады. Есеп беріліп отырған кезеңде қысқа мерзімді экономикалық индикатор 105 пайызға жеткен. Өңдеуші өнеркәсіп – өсімің негізгі драйверіне айналды. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 22,1 пайызға артқан. Алматы жеке инвестициялар көлемі жөнінен (22,4 пайыз) өңірлер арасында бірінші орында. Қалада іскерлік белсенділік қалпына келді. Биылғы тоғыз айда жұмыс істейтін шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 37,2 пайызға артты.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасының жүзеге асырылуы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалары, сонымен қатар дамуың бекітілген негізгі басымдықтарын ескере отырып, қаланың 2040 жылға дейінгі жаңа Бас жоспарын әзірлеу барысы туралы баяндалды.

Мемлекет басшысына инженерлік инфрақұрылымды дамыту жұмыстары, мектептердегі орын тапшылығын төмендету үшін қабылданып жатқан шаралар, бірыңғай бейнемониторинг жүйесін құру жөніндегі тапсырмасының орындалуы туралы мәлімет берілді.

Кездесу соңында Президент қаланың экономикасын одан әрі әртараптандыру және инфрақұрылымын жаңғырту жөнінде тапсырма берді.

КОМИССИЯ ҚЫЗМЕТІ ЖӨНІНДЕ ЕСЕП БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы Игорь Роговты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның қызметі жөнінде есеп берілді.

Игорь Рогов Мемлекет басшысына Комиссияның отырыстарында адам құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметі, сондай-ақ құқық қорғау органдары мен арнайы органдардың қызметінде аспаптау фактілерінің алдын алу мәселесі қаралғанын айтты.

Президент адам құқықтарын қорғау мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі екенін атап өтті. Қазақстан Конституциясына сәйкес, адам өмірі – ең жоғары құндылық.

Мемлекет басшысына Еуропа Кеңесі Венеция комиссиясының жұмысы жөнінде мәлімет берілді. Игорь Рогов – Қазақстанның атынан осы комиссияның мүшесі және Омбудсмен институты жөніндегі шағын комиссияның президенті. Президенттің айтуынша, жуырда конституциялық түзетулерді пысықтау барысында Венеция комиссиясының Омбудсмен мәртебесін көтеру жөніндегі ұсыныстары ескерілді. Бұл адам құқықтарын сақтау саласына бақылауды күшейтеді және мемлекетті халықтың сұранысына жедел жауап беруге ықпал етеді.

Игорь Рогов Венеция комиссиясы елімізде жүргізіліп жатқан құқықтық және саяси реформаларға оң баға бергенін айтты.

Қазан айында Венеция комиссиясы, Парламент Мәжілісі мен Әділет министрлігі «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық заң жобасын талқылауды жоспарлап отыр.



ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ БОЙЫНА ҚУАТ СЫЙЛАҒАН

Маусымда өткен Ұлттық құрылтай отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіздік мейрамының мәнін өзгертпестен, кейінгі жылдары атаусыз қалған Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынды. «1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің Тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш

Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды рөл атқарды. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ, Тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек», – деді Президент.

2-бет

ЖӘРМЕҢЕ

КҮЗДІҢ БЕРЕКЕ БАЗАРЫ



Суреттер түсірген Нұрболан НҰРЖАУБАЙ

Алтын күздің сәнін келтіріп, жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Алтын дән» мерекесі биыл ерекше салтанатпен айышталды. Озаттар марапатталып, ауыл шаруашылығы саласындағы үздік өңірлер де анықталды.

Ал өткен сенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев іс-шара аясында барлық аудандардың қатысуымен ұйымдастырылған ауыл шаруашылығы өнімдері жәрмеңкесін аралап көрді.

Сб **Ержан ҚОЖАС,** «Сыр бойы»

Жәрмеңкеде Сыр дикандары, өнім өндірушілер мен кәсіпкерлер барлығы 538 жүк көлігіне тиелген 2 мың тоннаға жуық түрлі өнімді тұрғындарға базардағы нарықтан 15-20 пайыз төмен бағада ұсынды.

Сүйіншілейтін жаңалық, биыл Сыр дикандары күріштен мол өнім жинады. Су тапшылығы орын алса да Үкімет тарапынан дер кезінде көмек беріліп, бұл кедергіден қиындықсыз өтті. Биыл жалпы егін көлемі 188500 гектар алқапты құрап отыр. Ал басты дақыл – күріш 78 мың гектардан асты. Күріштің әр гектарынан 56,7 центнерден өнім алынып,

2-бет

камбаға 445 мың тонна Сыр салысы құйылды.

Аймақ басшысы қала және жеті аудан ұйымдастырған жәрмеңкеде азық-түлік бағаларын бағамдап, халықпен де пікірлесті. Таңсаріден жыл базарына асыққан жұрттың қарасы әдеттегідей қалын. Балық пен күрішке сұраныс бұрынғыдай жоғары. Қауын-қарбыздың күзде пісер сорты, күнделікті ас мәзіріне қажет картоп, жуа, сәбізді қаптап сатып алушылар көп. Сүт өнімдері мен ет бағасының да арзан екені байқалады.

Желден жүйрік жануар

«Алтын дән» мерекесі аясында қалалық ипподромда ат бәйгесі өтті. Бәйге десе, делебесі қозатын, ұлттық спортқа жанашыр тұрғындар бұл жарыстан шет қалған жоқ.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев зиялы қауыммен бірге жүйріктер жарысын тамашалады.

Салтанатты шараның ашылуында облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов қоныр күздің берекелі шағымен тұспа-тұс келген дәстүрлі ат жарысында бақ сынайтын қатысушыларға сәттілік тіледі.

Сб **Ақтілек БІТІМБАЙ,** «Сыр бойы»

6-бет



Суретті түсірген Б.ЕСЖАНОВ

ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕС хәм КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР

Мемлекет басшысының тұжырымдамасын жүзеге асыру бағытында және облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасымен облыс әкімінің орынбасарлары барлық аудандарда болып, қоғамдық қабылдау өткізуде. Олармен бірге облыс прокурорының бірінші орынбасары Исламбек Төлегенов, облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Әміржан Өтегенов, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті бастығының орынбасары Сабыр Түменбаев және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстық департаменті бастығының бірінші орынбасары Асылхан Ашықов болды.

2-бет

БОРЫШ

КҮЗГІ ШАҚЫРУ ҚЫЗУ ШАҒЫНДА

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығына сәйкес 1 қыркүйектен бастап күзгі мерзімді әскери қызметке шақыру кезеңі басталғаны белгілі. Мерзімді әскери қызметке шақыру облыстық, қалалық және аудандық шақыру комиссиялары мен жергілікті атқарушы органдар әкімдері орынбасарларының қатысуымен жүзеге асырылады. Бұл туралы облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменттің көшпелі брифингінде айтылды.

Сб **Гүлбану МАҚАЖАН,** «Сыр бойы»

Осы жылдың 31 желтоқсанына дейін Қызылорда облысынан 800-ге жуық жасты әскерге аттандыру жоспарланған. Оның ішінде ҚР Қарулы күштерінің қатарына 350-ге жуық, Ұлттық ұланға 270-тен астам, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне 150-ге жуық және Мемлекеттік күзет қызметіне 4 адам шақырылады. Бүгінде 250-ге жуық Сыр жасы әскер қатарында қызмет етуге аттанып үлгерді.

– 300-ге жуық жас тексеруден өтсе, олардың 23 пайызы жарамсыз. Олардың арасында неврологиялық, бел, көз ауруы, терапиялық сырқаттар көп кездеседі. Уақытша жарамсыз жастарды емделуге жолдадық. Айта кетсек, жоғары білімі, мамандығы бар азаматтар жақсы нәтижелер көрсету арқылы келісімшарт бойынша әскери қызметке орналаса алады, – дейді облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменті медицина қызметінің бастығы Бауыржан Парменов.

Осы көшпелі брифингте облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығы, полковник Ғалымжан Тасжанов бір топ жастарға сәттілік тілеп, әскер қатарына шығарып салды.

БАСПАСӨЗ – 2023



Құрметті оқырман!

2023 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу басталды. Қапы қалмаңыз!

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге. мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.



КҮЗДІҢ БЕРЕКЕ БАЗАРЫ



Қала орталығындағы «Тағым» алаңында орналасқан Қызылорда қаласының жәрмеңкесіне 300 тоннаға жуық өнім әкелінді.

Бүгінгі «Алтын дән» дәстүрлі мерекесі және Қала күні қарсаңында жылдағыдай жәрмеңке ұйымдастырып отырмыз. Қала маңындағы жеті ауыл және екі кент бірлесіп отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін әкелді. Қазір біздің дикандар екен барлық дақылдарын жинап алды. Соны арзан бағада қала тұрғындарына ұсынып отыр, – дейді қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрбек Әзірбек.

Ал қармақшылық шаруалар 18 тоннадан астам күріш, 31 тоннаға жуық бақша өнімі, 14 тонна күріш қалдығы, 5 тоннадай ет пен балық өнімі, 1 тоннаға жуық сүт, макарон және кондитерлік өнімдер мен 1700 дана жоңышқа, т.б тауарлар әкелген.

Халық сұранысын өтеу, тұрмысын жақсарту – ел азаматтарының басты міндеті. Міне, бүгінгі Қармақшы жерінің шаруалары әкелген жәрмеңкеге келіп, қалтаға қонымды бағаға риза болды. Қала тұрғындары қажетті азық-түлігін көптеп сатып алуға. Күнделікті газет пен теледидар арқылы биылғы егін мен бақшаның мол өнім бергенінен хабардармыз. Лайым, Сыр елінің несібесі ортаймасын. Ел үшін тер төккен азаматтарға алғысым шексіз, – дейді қала тұрғыны Жақсыбай Жөкеев.

Титов қыстағындағы Ә.Қашаубаев және Жетікөл көшелерінің қиылысында Жалағаш ауданының жәрмеңкесі өтті.

1-бет

85 жүк көлігіне тиелген 250 тонна ауыл шаруашылығы өнімдері келген. Мұнда ең өтімді тауарлар – күріш, картоп және бақша өнімдері болды.

Жәрмеңкеде қалаға іргелес Сырдария ауданынан жеңілдетілген бағамен 87 көлікке тиелген азық-түлік тауарлары келді. Мұнда тұрғындар қауын-қарбыз, жеміс-жидек, күріш, сүт пен балық өнімдерін алып, сауданы қыздырды.

Арал ауданының жәрмеңкесі де халыққа ерекше көңіл-күй сыйлады. Әсіресе, халық теңіз балығы үшін кезек тосты. Айдыңы өлкенің шаруалары 60 жүк көлігімен 170 тоннаға жуық өнім әкеліпті.



Аралдың басты бренді саналатын балықтан 16 тонна әкелдік. Арнайы автокөлікпен «Қамыстыбас» балық питомнигінен тірі балық та әкелінді. Сондай-ақ 4 тонна ет пен дәл сондай көлемде ас тұзы да келді. Сүт өнімдері де жетерлік. 60 шақты уақ мал да сатылымға шығарылды. Жыл басынан бері, яғни 9 айдың қорытындысымен 6

млрд 102 млн теңгенің өнімі өндірілді. Арал ауданының жәрмеңкесі облыс орталығында ғана емес, өз ауданымызда да жиі өткізіледі, – дейді Арал ауданы әкімінің орынбасары Еркін Әбішев.

Дикандардың тойына Қазалы ауданы да қомақты үлес қосты. Жәрмеңкеге 12 тонна күріш, 34 тоннадан астам көкөніс, картоп және бақша өнімдері, 3 жарым тонна сүт, 10 тонна ет пен балық өнімі әкелінді. Сонымен қатар, «Қазалы» брендімен танымал көмпиттен 500 келі сатылымға шықты.

Астана даңғылының бойында жәрмеңке жасаған Жаңақорған ауданының шаруалары да күздің сыйын молынан ұсынды. 82 көлікке тиелген азық-түліктің ішінде 15 тоннадан астам күріш, 45 тонна картоп, 100 тоннаға жуық көкөніс пен бақша дақылдары және 15 бас тоқтыны саудаға шығарды.

Биыл Жаңақорған ауданы бойынша 37880 гектар жерге егін егілді. Оның ішінде 21 мың гектар малазықтық, 11 мың гектары дөңді дақылдар. Дөңді дақылдар ішінде 6 мың гектардан астам күріш ектік. Оның әр гектарынан 56 центнерден келіп, қамбаға 32 мың тонна күріш құйылды. Сонымен қатар, 2050 гектар майлы, 3050 гектар бақша дақылдары егіліп, оның жемісін облыстық жәрмеңкеге әкелдік, – дейді аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Талғат Зейдіалиев.

Тасбөгет кентінің орталық алаңында шешелік шаруалар табиғи таза өнімдерін ұсынып, жәрмеңке көркін қыздырды. Қала тұрғындары үшін Шиелден 72 көлікке тиелген 260 тоннадай өнім келген.

Биыл аймақ басшысының



тапсырмасымен егін егуге ынталы ауыл халқына әр ауданда жер дайындалған еді. Соның арқасында 6802 отбасы 1833 гектар жерге бақша егіп, көкөніс өсірді.

Айта кету керек, облыс әкімінің тапсырмасымен облыс орталығындағы жәрмеңке желтоқсан айына дейін әр аптада өткізілетін болады.

ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕС hәм КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР

ТҮРҒЫНДАР ҰСЫНЫСЫ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және тағы басқа мәселелер бойынша Жаңақорған, Шиелі аудандарында болып, тұрғындарды қабылдады. Алдымен Серік Қожаниязов жұмыс сапарын Бірлік елді мекеніндегі №55 орта мектепті күрделі жөндеу және газдандыру жұмысымен танысудан бастады. Мұнан соң Жаңақорған ауданы әкімдігінің мәжіліс залында қоғамдық қабылдау өткізді.

Қабылдауда аяқсу, мал азығын сатып алу шығындарының бір бөлігін субсидиялау, селекцияға қатысты ірі кара мал мен қойдың төліне қойылған шектеуді төмендету, лизинг арқылы берілетін техникалардың лимитін көтеру, резервге қалдырылған 20 пайыз жер үлесін ауыл тұрғындарына бөліп беру мәселелері қозғалды.

Әрі қарай облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Салауатұлы Байкенов ауылшы барып, ауыл тұрғындарымен кездесіп, толғандырып жүрген мәселелерін талқылады. Қожамберді ауылдық округіндегі «Қожамберді-Бірлестік» АӨК электр жүйесімен қамтамасыз ету жұмыстарын көрді.

Шиелі ауданы әкімдігінің мәжіліс залында құқық қорғау органдарымен құқық бұзушылықтардың алдын алу, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және тағы да басқа мәселелер бойынша аудан тұрғындарымен қабылдау өткізді. Онда тұрғындардың жеке әлеуметтік мәселелерімен қоса, Майлытоғай, Қоғалы ауылдық округтері бойынша «Жаңарық» каналын және «Итяк» көлін тазарту, Ақтоған, Жанатұрмыс ауылдық округтеріндегі жер мәселесі, Қарғалы ауылдық округі, Бұланбай бауы елді мекеніндегі ауысу мәселелері көтерілді.

Мұнан соң облыс әкімінің бірінші орынбасары «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында Шиелі кентінде салынып жатқан денешынықтыру-сауықтыру кешенінің жұмысымен, «Ы.Жақаев атындағы саябақта» көркейтуді-жөндеуді барысын, «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында Н.Бекежанов елді мекеніндегі 14,6 шақырымды құрайтын орташа жөндеуден өткен 15 көшенің жұмысымен танысты.

КӨПТЕН КҮТКЕН ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСПАҚ

Облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов Сырдария, Қармақшы және Жалағаш аудандарында болып, тұрғындармен кездесті.

Қабылдауда тұрғындар «Жетікөл жарма» каналды тазарту, мал ұрлығы және жеке әлеуметтік мәселелерін жеткізді. Аталған мәселелер заң аясында шешілетіні айтылып, құқықтық кеңестер берілді. Сондай-ақ жазбаша жауап та берілетін болады.

Мұнан соң Мархабат Жайымбетов Терезөзек кентіндегі №210 орта мектебінің жылу беру маусымына дайындық барысын көрді. А.Алиқбаров көшесіндегі спорт алаңында болып, аудандық аурухананың бу қазандығын қайта жабдықтау жұмыстарымен де танысты.

Келесі күні Мархабат Жайымбетов Қармақшы ауданының халқымен жүздесті. Қабылдауда тұрғындардың жеке әлеуметтік мәселелерімен қоса Жосалы кентіндегі теміржол үстінде көпірдің болмауы себепті теміржол өткелінде тәртіпке қайшы кептелістің жиі орын алуы, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодәлізін кең жолақты ету мәселесі, Ресей Федерациясында тіркеуде тұрған автокөліктердің есепке қою тәртібі туралы және құқық бұзушылықтың алдын алу мен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бағытындағы ұсыныс-пікірлер айтылды.

Қоғамдық қабылдаудан кейін Мархабат Жайымбетов Жосалы кентіндегі күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан бірқатар құрылыс нысандарын аралады. Алдымен Жосалы кентіндегі денешынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылыс жұмыстарымен танысты. Аталған жоба құрылысын мемлекеттік сатып алу қорытындысымен «Сапақ» ӨК жүргізіп келеді. Бүгінде құрылыс жұмыстары аяқталып, нысан жақын арада тұрғындар игілігіне берілімек. Мұнан бөлек, Қармақшы аудандық ауруханасы қазандығының ғимаратын қайта жабдықтау бойынша жөндеу жұмыстары және Жосалы кентіндегі №30 орта мектептің жылу жүйесін сұйық отыннан сұйытылған газға ауыстыру барысындағы құрылысты көрді.

Биыл «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша және облыстық бюджет арқылы ауысу және көріз жүйелерін жаңғырту жұмыстары негізінде Қармақшы ауданына қарасты елді мекендерде 3 жоба жүзеге асуда. Оның бірі – Қармақшы ауылындағы су қабылдайтын құрылығын қайта құру жұмыстары. Облыс әкімінің орынбасары «Теплоэнергострой» ЖШС бойынша жобаның құрылыс жұмыстарын бағамдап, көптен бері кезегін күткен игі істің жергілікті жұрт-

шылық үшін аса маңызды екендігін жеткізді.

Мархабат Жайымбетовтың жұмыс сапары Жалағаш ауданында жалғасты. Қабылдауда тұрғындар Жалағаш кентіндегі М.Шәменов көшесін асфальттау, Қаракеткен ауылының аяқсу мәселесі, сатылып кеткен автокөліктердің салығы туралы, мұрагерлік жер үлестерін рәсімдеуге байланысты жеке мәселелерін де жеткізді.

Аталған мәселелер заң аясында шешілетіні айтылып, құқықтық кеңестер берілді. Әрбір мәселе бойынша жеке-жеке тоқталып, жазбаша жауап жолданатын болады.

Мұнан соң облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетовтың М.Шәменов ауылындағы орташа жөндеуден өткізілген Абылай хан көшесімен, «Ақтерек» учаскесінің су ұңғымалары және су жинау-тарату кешенінің құрылысымен, «Ақмаржан» балабақшасы ғимаратының жылу жүйесін газға ауыстыру жұмысымен танысты.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР ГАЗҒА ҚОСЫЛМАҚ

Облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов Арал ауданында жұмыс сапарымен болып, құқық қорғау органдарының өкілдерімен бірге аудан тұрғындарын жеке қабылдады.

Нұрымбет Аманұлы іссапарды өңірдегі әлеуметтік нысандарды аралаудан бастады. Оның ішінде күрделі жөндеуді қажет ететін және бу қазандықтары газға ауыстыратын ғимараттармен танысты. Алдымен қала аумағында орналасқан №220 орта мектеп пен №14 мектеп-лицейнің бастауыш ғимаратына барып, жай-күйін көрді. Екі нысан да күрделі жөндеуді қажет етеді. №220 мектепті жөндеуден өткізу үшін жоба-металдық құжаттама дайындауға мемлекеттік сатып алу жұмыстарын жүргізу жоспарланса, №14 мектеп-лицейнің бастауыш ғимараты үшін жоба-металдық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізілуде. Сонымен қоса, облыс әкімінің орынбасары №14 мектеп-лицейі мекемесінің жылыту қазандықтарының жұмыс барысын бағамдады.

Одан соң аудандық мәдениет орталығының бүгінгі жағдайымен танысты. Ғимарат 1937 жылы пайдаланылуға берілген. Аталған орталықта 8 жыраулық және 2 әуесқой үйірме жұмыс жасайды. 2019 жылы жеке шаруашылық серіктестігінің сараптамасына сәйкес ғимарат апаттық жағдайда деп танылған. Бүгінде нысанды қайта құру жұмыстарының жоба-металдық құжаттамасы әзірленіп, тиісті салалық басқармаларға ұсынылған.

Сапар барысында облыс әкімінің орынбасары Жақсыкылыш кентіндегі дәрігерлік амбулаторияда болды. Ғимарат қазіргі таңда сұйық отынмен жылытылады. Дәрігерлік кешенді «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету үшін жоба-металдық құжаттамасы әзірленуде.

Облыс әкімі орынбасарының Арал ауданындағы жұмыс сапары аудан әкімдігінің мәжіліс залында қорытындыланды.

Қабылдау барысында тұрғындар кәсіпкерлікті қолдау, Сексеуіл кенті бойынша тұрмыстық қалдықтар полигонын тазарту, өрт сөндіру бекетін салумен қоса әлеуметтік мәселелерін жеткізді.

Бұдан бөлек, облыстық жеке аудандық прокуратура қызметкерлері «Зан керуені» акциясы аясында құқықтық көмек көрсету мәселелері бойынша ауданға қарасты Жақсыкылыш кенті және Аққум, Аманөткел, Жетес және Райым, Аралқум, Сапақ, Ақирек, Қамыстыбас, Қосжар, Сады, Жінішкекүм елді мекендерінде халықпен кездесу өткізді.

Н.Сақтағанов Қазалы ауданында да болды. Тұрғындармен кездесуде көтерілген мәселелер кезең-кезеңімен жүзеге асатыны айтылды.

Аудан тұрғындары өздерін толғандырып мәселелерді ортаға салып, көмек көрсетуді сұрады. Сондай-ақ, Әйтеке би мен Қазалы қаласының аралығында жана мектеп ғимаратын және Бозкөл ауылынан типтік жобада жана балабақша салу, тұрақты жұмыспен қамту және тұрғындардың жеке мәселелері бойынша бірнеше ұсыныстар айтылды.

Қоғамдық қабылдаудан кейін облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов аудандағы бірқатар әлеуметтік нысандар мен жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарын аралап көрді. Алдымен Қазалы қаласындағы 140 орындық балабақша құрылысы мен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының жұмысымен танысты. Сондай-ақ, Қ.Пірімов ауылындағы №92 мектеп пен жақында ғана пайдалануға берілген спорт кешенінің жұмысын көрді.

Облыс әкімінің орынбасарлары әрбір ұсыныс-пікірдің жерде қалмай-тынын айтып, көтерілген мәселелердің шешілуі заң аясында қарастырылатынын мәлімдеді. Өздері аралап көрген нысан құрылыстарының сапасына жауапкершілікпен қарап, уақытына аяқталуын жауапты мердігерлер мен тиісті сала басшыларына тапсырды.

Дайындаған Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»



ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ БОЙЫНА ҚҰАТ СЫЙЛАҒАН

Бұл дата тарихи бағасын әлдеқашан алып қойған. Тек бүгінгі қоғамнан өз орнын таппап еді. Алайда осы жылдан бастап қайта түлеп, жаңғырып, ұлтымызды ұлықтайтын мерекеге айналғаны көңіл қуантады. 25 қазан Республика күні болып кездейсоқ таңдалған жоқ. Егеменді ел болуымыздың алғашқы құжаты осы күні қабылданды. Декларацияда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының егемендігі, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланды. Егеменді мемлекеттіліктің іргелі қағидаттары ретінде Қазақстанның жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді. Сол себепті тарихи оқиға болған күн мемлекеттік деңгейде тойланғаны өте маңызды. Азаттық алуға жасалған алғашқы қадамның жеңісі, менің ойымша, осы күнмен тұспа-тұс келеді.

Республика күнін алғаш қалай атап өткеніміз де есімде. 90-жылдар – нарықтық экономикалық бейімделіп жатқан қиын кез. Алдымызда ел экономикасының дамуы мен халықтың әл-ауқатын арттыру, қаржы саласының заманауи деңгейіне көтерілуі секілді жауапты міндеттер тұрды. Әсіресе, одақтың тарап, экономикалық байланыстардың үзіліп, өндірістер тоқтап тұрған кезеңде бюджет кірістерінің түсу жоқтары орындалмай жатты. Соның салдарынан 5-6 айлап жалақы, жәрдемақылар берілмейтін еді. Қаржыгер ретінде осындай ауыр кезеңнің өтінде жүрдік.

Бұл ретте 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні қазіргі ұрпақтың азаттық жолында алысқан ата-бабаларымызды ұлықтайтын, олардың осы жолдағы ерен ерлігі алдында тағзым ететін, тарихи сабақтастықты сақтауға арналған күн болып қала бермек. Ал Республика күні – Тәуелсіздікті қалпына келтіріп, тәл республикасын құрудағы қазіргі қазақстандықтардың зор еңбегін дәріптейтін, әрқайсысымыздың осы жолдағы сүйелі үлесімізді салмақтап, мақтан тұтатын күн. 1990 жылғы Егемендік декларациясы Қазақ республикасы азаттығының бастауы саналады. Сол жылғы 25 қазанда Қазақстан алғаш рет әлемге тәл азаматтығы, заңдары, өз

Мерекені алғаш кең көлемде 1997 жылы атап өттік. Ол кезде мен облыстық қаржы басқармасының басшысы қызметінде едім. Мереке қарсаңында басқармамыз жана ғимаратқа көшкен болатын. Аудандардан барлық сала ардагерлерін жинап, салтанатты іс-шара өткіздік. Сонда жана мереке жанымызға жылу, бойымызға күш-қуат берді. Рухымыз көтеріліп, облыстың еңсе тіктеуіне үлес қосамыз деген сенім оянды.

Уақыт келе, сол тарихи оқиғаның мәнісін енді шындап ұға бастағандаймыз. Бүгінде Қазақстан әлемде жеке-дара дербес ел екенін дәлелдей білді. Өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт-дәстүрі бар тәуелсіз зайырлы елге айналды. Біз әлемдік деңгейде аяғымызды сенімді басып, басқа елдер бізбен санабатын мемлекетке айналдық.

Бұл ретте 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні қазіргі ұрпақтың азаттық жолында алысқан ата-бабаларымызды ұлықтайтын, олардың осы жолдағы ерен ерлігі алдында тағзым ететін, тарихи сабақтастықты сақтауға арналған күн болып қала бермек. Ал Республика күні – Тәуелсіздікті қалпына келтіріп, тәл республикасын құрудағы қазіргі қазақстандықтардың зор еңбегін дәріптейтін, әрқайсысымыздың осы жолдағы сүйелі үлесімізді салмақтап, мақтан тұтатын күн. 1990 жылғы Егемендік декларациясы Қазақ республикасы азаттығының бастауы саналады. Сол жылғы 25 қазанда Қазақстан алғаш рет әлемге тәл азаматтығы, заңдары, өз

даму бағыты бар республика ретінде жарияланды.

Егемендік декларациясында жана республиканың «қазақ ұлтының тағдыры үшін жауапкершілік» арқалайтыны туралы жаңа жағымды сөз бар. Мұның сыртында бұл құжатта қазақтың мемлекеттік егемендігі жарияланды. Декларация Қазақ халқының тәл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамытуды жана мемлекеттің аса маңызды міндеті деп бекітті. Қазақстанның жері мен территориясының бүтіндігін, бөлінбейтінін және оған қол сұғылмайтынын жариялады. Демек, біздің Егемендік декларациясы қазақ халқы үшін кастерлі құжат саналады.

Республика күнінің мемлекеттік деңгейде, елімізде тұратын барша ұлт пен ұлысқа ортақ мереке ретінде тойлануы – халқымыздың бойына қуат, жүзіне қуаныш сыйлаған оң шешім. Әуелі, қоғамның патриоттық сезімін арттыруға сеп болары анық. Әсіресе, елімізге қарата айтылып жатқан негізсіз пікірлер бар кезде осы датаның зор құрметпен аталып өтуі айырықша маңызға ие. Рухани құндылығымызды, қазақы қайсар рухымызды, бай тарихымызды, бабадан қалған далаңын мұрагері ретінде Алты Алашты әлемге таныту арқылы осы тарихи датаның біз үшін қасиеттілігін аша білуіміз, көрсете алуымыз қажет. Сол себепті мемлекетіміз үшін бұл күннің қажеттілігі зор.

Қалқазбек ӘЖІБЕКОВ, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, қаржы саласының үздігі

1-бет



Арал қаласының 95 жылдық мерейтойы аясында өткізілетін негізгі іс-шаралардың БАҒДАРЛАМАСЫ
18-23 қазан

18.10.2022 жыл

Айттыс ақыны Әбілхан Махановтың 100 жылдығына орай «Аралым – айдын шалқарым» атты республикалық ақындар айтысы Аудандық мәдениет үйі, сағат: 16.00

20.10.2022 жыл

«Million Plaza» сауда орталығының ашылуы, сағат: 11.00

Қазақ КСР балық шаруашылығының министрі, Арал ауданының Құрметті азаматы Қ.Саржановтың 85 жылдығына арналған салтанатты кеш Аудандық мәдениет үйі, сағат: 15.00

21.10.2022 жыл

Арал ауданының Құрметті азаматы Қ. Саржановтың «Суреттер сыр шертеді» атты мұражайымен танысу, сағат: 9.00

«ARALSEAFOOD» балық өңдеу зауытының екінші кезеңін іске қосу, сағат: 9.20

«Кәсіпкерлер үйінің» ашылуы, сағат: 9.50

«Балықшылар аллеясының» ашылуы, сағат: 10.15

«Арал антологиясы» жинағының тұсаукесері; «Балықшылар» музейіне шолу «Еділ аймағы тұрғындарына 14 вагон балық жіберілгеніне 100 жыл» театрландырылған қойылым

«Балықшылар монументінің» ашылуы Арал өңірі балықшыларының VI слеті Қонақтарға арналған ас

22.10.2022 жыл

«Алтын күз - 2022» ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрменкесі және салтанатты шара Орталық алаң, сағат: 9.00

Республика күніне және Арал қаласының 95 жылдығына орай гала-концерт Стадион, сағат: 18.00

23.10.2022 жыл

Республикалық ат бәйгесі Ипподром, сағат: 10.00

Айналдым, асқақ Арал келбетіңнен!



Арал теңізінің қала маңындағы көрінісі

Арал қаласы іргесінің қалануына теңіз жағасында порттың салынуы мен теміржол қатынасының пайда болуы негіз болды.

Бұған дейін теңіз орнында қоныстардың болғаны, онда мыңдаған жылдар бойы адамдардың өмір сүргені белгілі. Бұлай деуімізге себеп, 2001 жылы теңіз табанынан X-XI ғасырлардағы Кердері кесенесінің табылуы.

Теңізден тін тартқан тарих



«Лев Берг» кемесі

бұрынғы картаға елеулі өзгерістер түсірген жылдары 1847 жылы Райым бекінісі орнатылды.

Арал теңізінде алғашқы кеме түсірілмес бұрын осы теңізде еркін жүзуге рұқсат ретінде шарт-келісім жасалуы тиіс еді. Осы шарт-келісім біздің пайымдауымызша, Арал теңізі байлығын иеленген көпестердің иеленуінде жатса керек. Олай дейтімізге бір себеп, бұрынғы Арал пароходствосы басқармасы көне үйінің (Марковтің үйі) кіреберіс маңдайшасынан «1846 жыл Саламандра» серіктігі деген жазуы бар жез табылғаны қала тұрғындарының көбісі көрген болар. (Саламандра – суда да, құрлықта да мекен ететін қосмекенді хайуанаттың аты).

Немістің ірі картографы Август Петерманның 1860 жылы жасаған Россия империясы регионның Арал теңізі және Камчатка түбегі атты антикарлық иллюстрациялық картасында қырғыз әйелі, бүркітшілер, аттылы қырғыз, өзендер, таулар, жолдар, халықтардың қоныстардың орналасуын көрсеткен.

Картада Арал теңізі атауын сол күйінде көрсетеді. Онда мекен еткен халықтардың мал шаруашылығы мен балық аулау кәсіпшілігімен айналысқаны айғақтайды. Орыс зерттеушісі Кариллиннің 1896 жылы «Тургайская газета» басылымында жарияланған «Арал теңізі жағалауында» макаласында теңізге құятын Орта Азияның екі үлкен су артериясы Сырдария мен Әмудария өзендерін қисапсыз пайдалану Арал теңізінің бірте-бірте тартылып, планетаның ең бір қасіретті бұрышына айналуға алып келетіні туралы да жазады.

Арал қаласының іргесі алғашында «Алты құдық» деп аталған жерде орналасқан. Ол кезде Сыр бойының байлары малын жайлауға айлар кезде жолдарына мал суаратын тас құдықтар қаздырып отырған. Оған арнайы жігіттер тобын ұйымдастырған. Шыңырау тас құдықтар онша сарқыла бермеген әрі олардың суы тұщы болып келген. Бұндай суы бар құдықтарға керуеншілер де көбірек манайлаған. Керуен жолдары мен теміржол бойын жағалай қазылған құдықтардың картасын патша өкіметі кезінде сонау XIX ғасырда арнайы картаға (Арал маны құдықтарының картасы) түсіріп отырған.

Арал қаласының іргесі алғашында «Алты құдық» деген атаумен аталған, осы күнгі «сегізінші километр» деп аталатын жердің («Арал-Аралсульфат» теміржол веткасын-



да) батыс бетіндегі шағыл құмның іргесінде болған. Кейін теңізде су жолы қатынасы ашылуына байланысты, балық тұздайтын кәсіпшіліктер орын теуіп, балық поселкесінің өсуіне байланысты «Алты құдық» қызыл үйі алғашқы орын осы күнгі мал базары мен теміржол вокзалы арасындағы жерге ауыстырған.

1905 жылы Санкт-Петербург қаласынан шыққан «Энциклопедиялық сөздік» кітабының 3-ші томында «Арал теңізі» тақырыбында Орынбор-Ташкент темір жолының ашылғаны жөнінде жазылып, Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағында «Арал теңізі» станциясы орналасқан деп көрсетеді.

Осы 1905 жылы Алтықұдық түбіндегі станция Арал теңізі станциясы деп аталды. Құрылыс Орынбор жағынан 10 мамырда, ал, Ташкент жағынан 1901 жылдың 9 қарашасынан басталды. Құрылыс жұмыстары 1902 жылы ғана кеңінен өріс алды. 1904 жылғы 1 қаңтарға бүкіл «Орынбор-Ташкент» жолы бойынша пойыздардың уақытша жүрісі ашылды. Солтүстік бөлігі толық аяқталып, 1905 жылғы 25 шілдеде, Оңтүстік бөлігі 1906 жылғы 1 сәуірде пайдалануға берілді.

Жол бойындағы сегіз шеберханының алтауы Қазақстан аумағында болды. Бес ірі станция – Ақтөбе, Шалқар, Қазалы, Перовск, Түркістан Қазақстан аумағында болды. Ұшықыры жоқ шөл далада темір жол құрылысын жүргізуге Пенза, Самара, Орынбор губернияларынан табыс табу үшін кедей-шаруалар келді. Теміржол құрылысы қосылысы мен балық кәсіпшілігімен айналысатын саудагерлер ағылып келе бастады. Олар үшін Арал алтын теңіз, пайдаланып қоры болды. Сонымен бірге бұл жерде акциондық «Хиуа» қоғамын ұйымдастырды.

Арал қоныс тепкен орыс көпестері теңізден ауланған балықты арзан бағаға саптып алып, оларды тұздап, тоназытып Ресейге теміржол арқылы жөнелтіп жатты. Балық тұздайтын тұзды ол кездері жергілікті тұрғындар қазіргі «Шөміш» станциясы маңынан түймен тасып, орыс көпестеріне

өткізіп отырды. Қыстақта саудаттық дамып, халық саны көбейе бастады.

Қоныс аударған орыстардың балалары үшін 1910 жылы шағын мектеп ашылды. Бұл бүгінгі күнгі қала мектептерінің қара шаңырағының бірі болып саналатын №14 орыс мектеп-гимназиясының негізі болады.

1902-1910 жылдар аралығында «Арал» станциясында теміржол вокзалы, су жинайтын мұнара, теміржол бойы қоймалары, теміржол клубы, бірнеше тұрғын үй бірінен соң бірі бой көтерді.

Патша өкіметінің өкілі Н.Зарудный өз жазбасында Арал поселкесі туралы тоқталады. Оның айтуынша, үйлердің көпшілігі Орынбордан әкелінген ағаштардан, орыстың әдісімен салынып, ал, жергілікті тұрғындардың үйлері негізінен саз балшықтан, қамыстан соғылған. Сонымен қалада шіркеу, толып жатқан жасырын сыраханалар мен кабактар болған деп жазады.

Поселкеде 1925 жылғы 21 қарашада Арал мемлекеттік балық

тресінің, кейіннен балық комбинатының құрылуы, жалпы білім беретін мектептер, аурухана, өнеркәсіп орындарының салынуы басшылыққа, өндіріске жарқын серпін әкелді.

Арал қыстағы бой көтергеннен кейін тұрғындар саны өсіп, қанатын кенге жайып, өркендей бастады.

Арал аудандық архивінде сақталған Сырдария губерниялық атқару комитетінің 9 мамыр 1927 жылғы №24 қаулысында 1927 жылдың 1 қазанынан бастап Арал теңізі қыстағының (поселко) Арал қаласы болып өзгеруі туралы Арал аудандық атқару комитетінің төрағасы Т.Медетбаевтың №142 санды бұйрығын көруімізге болады.

Міне, осы құжаттан Арал қала статусын алып, бұйрық барлық қыстақта орналасқан мекемелерге таратылуы туралы жазылған. Теңіз жағасында орналасқан 95 жасқа толған қаламыздың тарихы осындай.

Болатбек ҚУАТОВ,
Арал аудандық архивінің басшысы

IX-XII ғасырларда араб саяхатшылары картаға түсіріп Әмудария, Сырдария, Жем, Ембі өзендерін сөз еткен болса, алғашқы тұрақтар жөніндегі алғашқы жазба деректер X ғасырға барып саяды. Араб саяхатшысы Ибн Руста (910 жылдар шамасында) «Бұл теңіз балыққа өте бай, оның жағалауында қамыс пен балықтан салынған балықшылар қыстағы жиі кездеседі. Қамыс балық аулау құралы ретінде де пайдаланылады», – деп жазған.

Саяхатшы балықшылардың қамыстан қаза басуға, басқа да құралдар жасауға өте шебер екенін ерекше суреттеген.

XVII ғасырдан бізге бірінші болып «Үлкен сызба» кітабы (1627 жылдар шамасы) деген атпен жеткен алғашқы орыс географиялық картасында Арал теңізі «Көк теңіз» деп аталған. Алайда оны сызушыларға бірде-бір арал белгілі болмаған. 1905 жылы Санкт-Петербург қаласынан шыққан «Энциклопедиялық сөздік» кітабының I-ші қосымша кітабында «Арал теңізі» тақырыбында Арал теңізінің зерттелуі туралы мәліметтер берілген, бірақ ондағы қоныстар туралы көрсетілмеген.

Теңізді картаға түсіргендердің бірі Арал Колумбисы А.Бутиков болды. Ол 1848-1849 жылдары топографиялық экспедициясымен теңізді түгел шарлап, оның нақты координаттарын анықтаған. Аралдың сол картасында бізге ескерткіш болып Лазерева, Белингстаузен, Тарас Шевченко шығанақтары қалды. 1899-1902 жылдары Аралда орыс зерттеушілері Л.Берг жұмыс істеді. Ол Арал теңізінде аса бағалы бекіре, қаз, сазан, тыран, торта, қаракөз,

ақбалық шемай, тісті, шортан, т.б. балықтардың көп екенін атап көрсетті. Арал теңізінде тұңғыш су жол қатынасы 1848-1849 жылдары ашылды деп жұрміз.

Бұған дейінгі Арал теңізіне Хиуа хандығы иелік еткендігі мәлім. Сондықтан да 1848 жылы қолтық қойнаулары мен атауларын жан-жақты зерттеп, картаға енгізіп,



«Аралтұз» комбинатында тұз қалтауу науқаны

Сыр өңірінің бүгінгі бейнесі кешегі күнгі жанкешті еңбек еткен ерлердің қолымен жасалды. Біз олардың өнегесін үлгі етуші ұрпаққа жеткізушіміз.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

СЕРГЕКТИКТИ СЕРІК ЕТКЕН СЕКСЕН БЕС

Мен бүгін мемлекет және қоғам қайраткері, Қызылорда облысы мен Арал ауданының құрметті азаматы, Сыр елінің саңлақ перзенті Құдайберген Саржанов туралы сөйлеп отырмын.

Бұл кісінің ел-жұрты үшін атқарған қызметі ерен және балық комбинатында инженер болып жұмыс бастап, республиканың Балық шаруашылығы министрі лауазымына дейін жеткен қызмет сатылары өз алдына бір шежіре.

Сонау 1937 жылы Арал өңірінің Аманөткел ауданында өмірге келген оның басынан кешкен қиыншылықтардан сол дәуірдің айшығын анық танимыз.

1941 жылы әкесі қайтыс болғанда төрт жастан енді асқан болатын. Ерте тұрған анасының етегінен ұстап, еңбекке үйренді. Тоғыз жасқа толмай теңізге ау салушылардың қатарына қосылды. Қазақ кейде бұл жасты «бесіктен бөлі шықпаған бала» дейді. Бірақ, ол заманда бұл мәтелдің мәні ауысты. Бала Құдайберген балалық шағы көшіп кеткен уақыттың ұрпағы болды, теңіздің өкпек желі кеудесінен кері итеріп, шұбатылған ауды атпен жағаға тартып шығаратын. Қолы қасарып, қары талған балықшы бала шүберек сөмкесін сүйретіп жүріп мектептегі сабағын үздік оқыды.

1952 жылы жетінші кластан соң талапты бала Гурьевтегі Бүкілодақтық балық шаруашылығы техникумына түсті.

Техникум «Балық өңдеу» және «Балық аулау» деген екі мамандыққа оқытады екен. Ауылда жүргенде балық аулаушылардың аты көбірек аталатын. «Паленшенің бригадасы поләнбай балық аулап келіпті, беу, ерлерің!» деп жататын. Құдайбергеннің ойынан ел ішіндегі сол бір ризашылық сөздер кетпей қойды. Солардай болуды, алғыс алуды армандады. Бірақ, оған қалай жетеді, ол үшін не істейді, бригадир бола ма, капитан бола ма, өзі де білмейді. Гурьевке келгенде сол арманы алдынан күтіп алғандай еді. Сонымен, «балық аулау» мамандығын таңдады.

Аралдан бірге келген Дәукара Аймағанбетов, Жанәлі Әлімбетов, Сырғаш Медетбаев есімді балалармен техникумда бірге оқыды.

Қай теңізде қандай балық түрлері бар, олардың жүретін жері, қай мезгілде аулауға болатыны, балық аулау құралдары, осы тұрғыдағы есеп, дәлдік, бәрін техникум үйретті. Сол кездерде БЧС, СЧС деген балықшы кемелер болды. Осы кемелерді басқарып жүргізу, олардың су бетіндегі мүмкіндігі, қандай ауа-райында қалай жүретіні, тіпті, «якорь» дейтін шынжырлы тасынан қарапайым бөлшектеріне дейін жаттатты.

Тіпті, Қара теңізге әлгі кемелермен балық аулауға шығарды. Теңізде жүріп қатты дауылға тап келіп, көтерілген таудай толқындарды көрді. Сонда сол толқындар аспандап барып төбесінен шелекпен су құйып жібергендей ақтарыла салады. Айналандағы басқа кемелер көрінбей кетеді, «SOS» деген хабар беріледі, қорқынышты! Мұндайда капитанның шеберлігі мен жедел шешімі аман алып шығады.

Кейін ол Айвазовскийдің «Девятый вал» деген картинасына қарап отырып, көзіне Қара теңіз төсіндегі күндерін елестетті. Суретшінің де теңізге шығып, сондай оқиғаны бастан кешкенін түсінді. Теңіз толқындарында жаңқаға жармасқандай болып жанталас көрмеген адамның ол көріністі сөзбен де, суретпен де бейнелей алмайсы анық.

Қой бақпаған адамның мал маманы болып отыруы, күрші егуді көрмеген кісінің егін саласын басқаруы ерсілеу. Бірақ, сондай жайттар дәл осы кезде таңғалатын нәрсе емес. Құдайберген Саржановтың балық шаруашылығы министрі болуы және осы қызметте халық алғысына кенелуі мен үшін түсінікті. Өйткені, ол бала кезінде-ақ балаған түрмей су кешіп, тоғыз валдық толқынмен бетпе-бет келген адам.

Ал, әңгіме желісіне қайта оралайын.

1954-1955 жылдары техникум оқушысы Құдайберген Саржанов үлкен кемелермен Қара теңіздің Керч бұғазынан өтіп, Азов, Каспий теңіздерінде жүзді. Балық аулаудың небір техникалық тәсілдерін меңгерді. Алған білімін сондай күрделі тәжірибелермен ұштастырды. Еңбекпен, қиындықпен ержеткен жас оқуда да озат болды. «Тұлпар тайынан» дегендей, мұғалімдері сол кездерде-ақ «Саржановтан күтетін үміт көп» дейтін. Сөйтіп, ол «ұзақ қашықтыққа

жүзетін кеме капитанының көмекшісі, балық және теңіз жануарларын аулау бойынша техник-механик» мамандығын алып туған жерге оралды.

Арал балық өндірісі бірлестігіне жұмысқа келді. Мамандығына сай еңбек жолы басталды.

Сол кездегі партия талаптарына сай елдің жағдайын көтеру, шаруашылықтарды дамыту үшін қажетті мамандар тапшы болатын. Осындай олқылықтың орнын Құдайберген се-

Мұның бәрі әрине, кабинетте отырып бітетін жұмыс емес-ті. Талай елсіз далада бір түп жусанды жастанып жатқаны бар, ыстыққа жанып, суыққа тонып жүрген сол күндері жеміс берді.

Сондай жансебдіктің арқасында еліміздің тарихында алғаш рет КСРО Балық шаруашылығының министрі А.Ишқов Арал өңіріне келуге мәжбүр болды. Мұндай лауазымды тұлғаның келіп кеткен жерінде бір айқын із қалатыны аян. Жылына алты-жеті мың

тонна сапалы мұхит балығының Арал балық комбинатына әкелініп, өңделуі соған дәлел. Сол арқылы халықтың еңбекақысы төленіп, тұрмыс жағдайы жақсара түсті.

Жасыратыны жоқ басшы біткеннің бәрі Арал ахуалына алаңдаулы еді десе, жалған болады. Бір кездері теңіз бен балықшы проблемасын айта берген Саржановқа «Мінберден түсіңіз, сізге берілген уақыт бітті» деген басшылар да болды.

Мұнан әрі Арал аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болды. Бұл кездері Саржанов ауданның экономикалық өсіп-өрлеуі жолында жастық жігермен еңбек етті. Қай салаға салса да өткір кездік мінез,



өзгеше адами болмыс, терең білім оны алға жетеледі.

1974 жылдың көктемінде Саржанов Арал балық комбинатының директоры болып тағайындалды. Бұл теңіз күйінің тайпы бар жатқан шағы болатын. Балық аулау ісінің азыянын комбинат жоспары орындамай, жұмыс тұралап қалған. Себебі белгілі, Теңіз кенересінен кейін кеткелі қашан, гавань шаңға көміліп жатты. Комбинат директоры осы кезде көшіп жүріп балық аулау, мұхиттан болса да Аралға балық жеткізіп өңдеу, жергілікті жұртқа пайда әкелу бағытына бетбұрыс жасады.

Саржанов ушығып бара жатқан теңіз жағдайына алаңдады. Қызылорда, Ақтөбе, Торғай облыстары басшыларының есігін жиі қағып жүріп, балықшылардың мүшкіл ахуалын айтумен болды. Ақыры осы мәселені министрдің алдына дейін алып барды.



Саржановқа риза болып, дәмханаға арнап арнайы сый көрсетуі елдің жағдайын ойлаған ерлердің көңілі жайланғанын білдіреді. Бұл жөнінде кезінде облыс басқарған тұлға Тәкей Есетовтің «Тағдыр мен тағалым» атты кітабында да нақты көрсетілген.

Сол кеңестегі сөздің шапағаты болар, көп ұзамай комиссия құрылып, Аралға республика Жоғарғы Кеңесінің төрағасы С.Ниязбеков, республика Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары С.Құбашев, басқа да басшылар келеді. «Арал халқы мен балықшыларына көмек көрсетудің шұғыл шаралары туралы» Үкімет қаулысы шығады. Осыған орай халықты тұрғын үймен, басқа да қажеттілікпен қамту мәселесі жүргізіле бастайды.

«Тамшы тас жаралды» демекші, Арал балықшылары туралы жеткізе айтқан мәселелерге жіті мән берген Қазақстан ОК енді бұл жұмысты әрі қарай сүйреуді Саржановтың өзіне тапсырып көруді ойлаған сыңайлы.

1982 жылы комбинат директорын Алматыға шақыртып, Қазақстан КП ОК хатшысы Ю.Трофимов қабылдайды. «Өз салаңызда көптеген проблемаларды көтеріп келесіз және оның шешу жолдарын да жақсы білесіз. Сізді министр етіп тағайындасақ па деп отырмыз» дейді төтесінен. Бұл енді сізден басқа адамымыз да жоқ дегенді анық сездіріп тұрды. Ол рас, сол кезде Арал мен балықшы жағдайын бес саусағындай жатқа білетін жалғыз адам Саржанов болатын. Тіпті, осы уақытта Қазақстанның бірінші басшысы Д.Қонаевтың Саржановқа: «Қарағым, мен жоғарыдан, сен төменнен Арал мәселесін қозғай бермесең, болмайды» деп сыр айтуы да осы сөзімізге айғақ.

Қонаевтың сөзі Саржановтың екпінді жұмысына екінші дем бергендей болады. Осыдан соң Арал, Қазалы, Шалқар балаларына көмек көрсету мақсатында «Шапағат» ұйымы құрылады. Үш өңір балалары бұл ұйымның шынымен де шапағатын сезді. Мұнан соң «Арал-Балхаш» халықаралық қоғамдық ұйымы құрылды. Осының екеуі де тікелей Саржановтың сара жұмысының нәтижесі еді.

Оның араласуымен атқарылған игілікті көп-ақ. Мәселен, сонау Азов теңізінен әкелінген қамбала балығының Аралға жіберілуі министр Саржановтың төл бастамасы.

Жалпы, осы күнгі жұрт Арал экологиясына байланысты жергілікті халыққа берілетін жалақы үстемесі мен Аралды бөгеу, яғни, сақтап қалу мәселесінің өмірге келуіне тікелей қатысып, әсер еткен тұлғалардың бірі Құдайберген Саржанов екенін біле бермеуі де мүмкін. Кіші Аралды сақтау мәселесін алғаш көтерген де Саржанов болатын. Қазақстан Президентінің бастамасымен 1993 жылы Орта Азияның бес мемлекетінің басшысы келіп, осы мәселе төңірегінде келіссөздер болғанын білеміз.

Министр Саржановтың басшылығымен Арал өңіріне ғана емес, мемлекетімізге пайдалы жұмыстар орындалды.

1983 жылы министр Саржанов Қазақстан делегациясын Вьетнам республикасына бастап барды. Қарапайым сала министріне мұндай міндет көп жүктеле бермейді. 1987 жылы Сахалинде болып, стабрида, скумбрия, хек, лосось секілді теңіз балығының түрлері ауланатын жерлермен тәжірибе алмасты. Бұл жақтарда балықшының да, балықтың да жай-күйі жоғары.

КСРО кезінде Одақ бойынша айына жан басына шаққанда 18,5 кило, біздің республикамызда 12,5 кило балық пайдаланылған. Әр аптаның төртінші күні «Балық күні» деп аталған. Е-е, ол кезде Арал теңізінің ұзыны 4 жүз, ені 284 шақырым еді.

Өткенді еске алсақ, алдымыздан небір қилы кезеңдер көлденеңдейді. Арал аймағынан ел үдере көшкен тоқсаншының жылдары Қапшағайдан «Толқын» деген балықшы ауылын құрып, оған Арал балықшыларын кө-

шірген Құдайберген Саржановтың бастамасы ел үшін жасалған ерлікпен тең іс болды.

Саржанов балықшылар ауылында әлеуметтік нысандар, тұрғын үйлер салуға бар күшін жұмсады. Арал, Балхаш проблемалары жөніндегі халықаралық қоғамдық комитетінің мүшесі ретінде өңірдегі экологиялық проблема салдарынан азаматтардың қорғалуын қамтамасыз ететін заң шығаруға үлкен үлес қосты.

Осының бәрін көрген, қолымен атқарған Саржанов қызметтен кеткеннен кейін де бейнеттің зейнетін көріп жатуды қаламады. Тарих тағалымын келер ұрпаққа өнеге етіп, олардың отангерлік сезіміне от беретін азаматтық істермен айналысты.

Соның бірі де бірегейі Аралдан ашық мұражай орнату болатын.

Бүгінде Аралдағы «Балықшылар» музейінде 2000-нан астам теңіз жәдігері топтастырылған. Ол бір адам жұмыс істейді.

Мұнда теңіздің ежелгі тарихынан бастап бүгінге дейінгі мұралар жинақталған. Музей ғимаратында заманауи қондырғылар қызмет етеді, ашық аспан астындағы музей, «Балықшылар» және «Кемелер» залы жасакталған.

Арал өңірі балық аулау кәсібі XIX ғасырдағы орыс көпестерінің келуімен байланысты жандана түскен. Музейдегі қайықтан кемеге дейінгі дәуірді көрсететін сенсорлық теледидар осы тарихты тарқатып береді. Мұнда балықшылар өмірін бейнелейтін фильмдер көрсетіледі. Ал, кемелердің техникалық жабдықтары мен балықшы қауымының тұрмыстық құралдарын көзбен тамашалай аласыз. Балық өнеркәсібін өркендеткен тұлғалар жайлы да мұралар баршылық.

Ғимарат сыртында шаналар, қайықтар, жылым тартуға арналған шығыр, Кеңестік өкімет көсемі сыйға тартқан станок, капитандардың есімі жазылған кемелер жел өтіндегі жампоз түйелер секілді болып тұр. Кемелердің ең үлкені – XX ғасырда Арал теңізін зерттеген орыстың географ-ғалымы Лев Бергтің атына берілген 25 метрлік су көлігі.

Қысқасы, «Балықшылар» музейі – әлем туристеріне ұялмай көрсететін керемет жәдігерлік.

Арал өңірінің атакәсібі – балық шаруашылығының мол мұрасын осылайша сақтап қалуға Саржановтың сіңірген еңбегін ерекше атау ләзім.

2003 жылдан бері «Шарткен ата» қоғамдық бірлестігін құрып, Арал өңірінде балық түрлерін молайтуға күш салып келеді.

«Қызыл кітапқа» енген Арал теңізінің қаяз балығы еш жерде кездеспейді. Бұл Әму мен Сырды өрлеп келіп, теңізге жайылатын балық. Ал, оның бүгінгі ахуалын айтпасақ та сезесіз. Енді қаяздың қай жерде бар екенін анықтау керек, бұл жұмысқа Аралдағы Балық шаруашылығы институты филиалының қызметкерлері қосылып, үлкен жоба жасалды. Осы жобаны Үкіметке, халықаралық ұйымдарға, ең аяғы облыстың басшыларына дәлелдеп шығуға да көп күш керек болды.

Мұндай күш Құдайберген Саржановтың бойынан қай кезде де табылады.

Ақыры, 2007 жылы Арал қаяз балығының 2000 майда шабағын аулауға рұқсат алды. Мақсат – бағалы балық тұқымын көбейтіп, теңіздегі деңгейін қалпына келтіру. 2010 жылы бұл жұмыстардың нәтижесі, балықты аулау әдістері, тасу, өсіру, т.б. жұмыстар фильмге түсіріліп, бірнеше рет газетке жарияланды.

Ал, 2018 жылы Қ.Саржанов Аралдан жеке музейін ашты. «Суреттер сыр шертеді» деп аталатын бұл тарихи музейде Арал ауданына және осы өңірдегі балық шаруашылығына қатысты деректер, фотосуреттер мен экспонаттар сақталған. Балық шаруашылығы бойынша 16 Социалистік Еңбек Ері бар. Олардың әр қайсысы бір-бір тарих. Бұл музей – Арал өңірі балықшылары мен балықшылар шежіресіне айналған Саржанов туралы білем деген адамға дайын дәрісхана.

Сонымен бірге, Саржанов екі кітап жазып шықты. Оның бірі «Аралдың айтылмаған ақиқаты» деп аталса, екіншісі – «Толқынмен алысқан балықшылар – арыстан» деп аталатын екітомдық. Осы шығарманы оқып шыққандар «әлі талай іздегеннің сұрағаны, ұрпақтың рухын азығы болатын кітап» деп баға беріпті.

Құдайберген Саржановқа еңбегіне сай берілген марапат, атақтар көп-ақ, жоғарыда айтып өткендерімізбен бірге кеудесіне «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісін де таққан.

Алайда, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзіліп жатқан шағында нарық заңдарының ауыр салмағын нардай арқалап, ең бір өзекті саланың бағын асырған азаматқа «Еңбек Ері» атағы да көптік етпес еді. Егер Саржановтың жүріп өткен жолына көз жіберсеңіз өзіңіз де осы ойға орала бересіз.

Бізді таңғалтқан тағы бір жайт бар, бұл кісінің ішкі қуатының сыртына теуіп тұратын сыр қынап екен дейміз. «Түзу ағаш – үйге тіреу, тура жігіт – елге тіреу» демей ме, оның туралығы, тазалығы өн-бойындағы өрнекті бейнесін солғындата алмапты. Өмірін сексен бесінші белесінде осындай сергек күйде болудың бір сыры халықтың алғысы мен ықылас ниетінің қуаты болар, бәлкім.

Р.БАГЛАНОВА – 100

Елімізде бұл күндері белгілі өнші, Халық қаһарманы, КСРО және Қазақ ССР Халық артисі Роза Тәжібайқызы Бағланованың туғанына 100 жыл толғаны атап өтілуде. Ақпарат құралдары мен телеарналар оның өз халқына сіңірген еңбегін кең көлемде, түрлі қырынан баяндап жатыр. Бұл тақырыпқа мен де үн қосуды жөн көрдім. Себебі, өнші дастарханымнан дәм татқан еді.

Жалпы бұлбұл Розаны алғаш рет, бұрын Мұнайшылардың мәдениет үйі аталған, қазір Дина Нұрпейісова атындағы сарайда 1955 жылы (не 1956-ның бірінші жартысы болар) концертінде көргенмін. Концерттен шыққан кала халқы Чапаев (қазір Құлманов) арғы бетте Уәлиханов көшелерін жалғайтын бұрынғы жалғыз ғана жүзбелі көпірмен Еуропа жағына өтіп келе жатқанымыз көз алдыма. Сонда көпір үстінде көлік жоқ, тек жаю жүргіншілер ғана ортада топ-тобымен шұбырып келеді. Бәріміздің әңгімесіміз – концерттен алған әсер, әсіресе алғаш орындалған Шәмшінің «Ақмаңдайлым» әніне жауап ретінде дүниеге келген «Ақсұңқарым» әні туралы.

Бұл әннің сондағы орындалғаны естен кетпейді. Көрермен өзін жібермейтін болғасын, әрі қарай басқа әнге ауыстырмай бір шумағын қайтанда орындауға мәжбүр болды. Ән-

нің құрылымы да (қайырмасы екі бөліктен тұрады), орындау шеберлігі де тамаша. Роза Бағлановадан басқа бұл әнді орындаушылар қазір құралақан емес және көп те емес. Асқан шеберлікпен «Ақсұңқарымды» айтуға тәуекел етушілер аз (өзі де бұл әнді концертте сайын айта бермейтін). Сондықтан да өзінің орындағанындай етіп әлі ешкім айтқан жоқ, меніңше ондай айта алмайтын да сияқты. Әннің сөзі мен ырғағы (шеберлік екі-бастан) залдағыларды басқа дүниеге апарып келгендей, теңіз түбінде дүлей дауыл тұрып, Каспий суын аспанға шашып, оны сапырғандай әсерде бола-сын.

Кейінірек, 1969 жылы Алматы Жоғары партия мектебі тыңдаушыларына келіп бір

кеш, қасында өзіміздің Өзаған (Ә.Ескалиев) және Венера Қармысовалар (Халық артисі Қанан Қармысовтың қызы – өзіміздің қаладағы Жамбыл атындағы қазақ орта мектебін 1952 жылы алтын медальмен бітірген, сол кезде Алматы қалалық партия комитетінің хатшысы Ғибатолла Мырзағалиевтің жолдасы) бар концерт беріп кеткен-ді.

Өткен ғасырдың 80-жылдары Өзаған екеуі Индер ау-

қамымен ауылға келгенмін. Кешке қарай «қонақ апамыз Елтайға келіп орналасты, бірақ концерт қоймаймын деп жатыр» деген хабар жетті. Айтқаны – бір күнде екі концерт ауыр болады. Шын мәнінде «райком хатшысы неге кетіп қалды, сыйламағаны ма?» дегендей пікір білдіріпті. Сосын тездетіп Елтайға келіп, қонағымыздан кешірім сұрап, түсіндірдік.

Аудандағы негізгі клуб «Борат» екі жүздей адамға ар-



басына апарып, сол жерде қонақтап, ақ бота сыйға тартып, Миялыға шығарып салдық. Бота бар болғанмен ағы таптырмай, облыстық кеңестің депутаты, аға шопан Махметов Қасымның жекеменшік ақ ботасын сұрап алғанбыз. Соған ала жіптен нокта өргізіп тапсырдық.

Роза Тәжібайқызының ауданда болған сәттерден түсірілген фотоларды сол кездегі аудандық мәдениет бөлімінің басшысы, Алматының қырсырын жақсы білетін Қ.Жылқышевтан өзіне беріп жібергенбіз. Ол үйіне апарып берді. Кейін өнші апамыз туралы теледидардан көрсетілген кейбір бейнежазбаларда қонақты біздің паромнан қарсы алып тұрған бір топ қызыл пилоткалы пионерлермен түскен суреттер (ішінде біз де бармыз) беріліп

қалады. Бір-екі фото түрлі кітапта да жүр.

Роза апамыздың соғыс кезінде майданның алғы шебіне барып концерт бергенінен Сталиннің, Хрущевтің қабылдауында болғанынан оқырман құлағыз. Қосар бір ғана пікірім Арал теңізі мен Байқоңыр проблемаларын ресми жиында қаймықпай көтеріп, батыл пікірлерін жеткізе білгені ерлігі дер едім. Өнші апайымыздың Еңбек Ері емес, Халық қаһарманы атануы тегін еместігіне осының өзінен-ақ көз жеткізуге болады.

Қазақта осындай өнерпаз әрі қайраткер қыздарымыз көбейе берсін.

К.РИЗУАНОВ,
Атырау облысының
Құрметті азаматы,
мемлекеттік қызметтің
ардагері

Күміс көмей

данына гастрольдік сапармен келгенде ауданның шеткі ауылы Өрліктен (Көктоғай ол жылдары Исатай ауданына қарайтын) қарсы алдық. Керемет концерт болды, жүргізуші жақында ғана өмірден өткен өзіміздің театр артисі Қайыржан Махмұдов. Соңынан кеңшар директоры Райхан Құспанов марқұмның үйінен дәм татып, қонақүйге демалуға орналастырдық. Әзекеңнен онаша күй тыңдап, біраз отырғанбыз.

Ауданымызда болатын концерттерді ұйымдастыру, қонақ қабылдау сияқты мәселелерді тағы пысықтау үшін ертеңіне Кулагинода (қазір Еспол), кеште Елтайға болатын іс-шараларды нақтыладық. Аудан орталығында өтетін үлкен концерт

налған. Сондықтан орталықтан шеттеу болса да 400 орындық кинотеатрды дайындадық. Әрине, оның сахнасының жанына тездетіп гример бөлмесін жабдықтауға тура келді. Концерт соңында «Ах, Самара городок» әнін айта бастағанда залдан бір әйел тұрып кетіп қалып еді. Кеште дастархан басында өзі «Мана концерттен кеткен әйел бізге шай дайындауға асығып барады-ау деп топшылағанмын, танып отырмын, дәл солай болып шықты ғой» деп күлдіріп еді, марқұм. Ол бізін үйдігі жолдасым Насила марқұм еді ғой, бала-шағамызбен біріміз түгел концертке келіп едік.

Ертеңіне Махамбет бабаның

«ТУҒАН ЖЕР – ТҰҒЫРЫМ» БАЙҚАУЫНА

«ӘКЕҢДІ АУЫЛҒА ЖИІ ӘКЕЛІП ТҮРШЫ...»



Этюд

«О-о-о, Туған жер, нажағайлы бұлттарың – тауларыңның көкпары...»
Тыныштықбек Әбдікәкімов

Көлік қала мен ауылдың арасын жалғайтын тас жолдан жайдақ жолға түскелі бір жарым сағаттай болған. Тракторлардың толассыз жүрісінен өбден көдір-бұдыр болған жолда ақ жигули көк шаңды артына тастап жүйіткіп барады. Сәбәттің кезінде конвейерден шыққан көлік шұрқ-тесік. Ақтөбедегі нағашының тойына баратындар көлікке тиеліп алғанбыз. Жеті жастағы мен жол бойы әкемнің алдында отырып, айтқан әңгімелерін тыңдаумен келемін.

Сөз арасында ауылға соғып, аздап демалып алатынымызды айтқан. Жайдақ жолдан шаршаған жүргізушіге әлі төрт-бес сағат көлік айдау керек. Аптап ыстықта мынадай көлікте отырған бізге де демалыс керек-ақ. Жақындаған сайын көліктің азынаған моторының дарылдаған дыбысы ғана естілді. Артқы орындықтағылар қалың үйкімге кеткен. Жүргізуші жолдың көз алмай жүйіткіп кетеді. Ал әкем айналаға қарап әлек. Туып-өскен жерінің табиғатын қызықтап, өткен шақты еске түсіріп келе жатқан секілді.

Көп ұзамай ауылға да жеттік. Ең бірінші қарашыраққа соғатын болдық. Әкемнің әңгімелерінен талай естіген бұл мекен маған таңсық еді. Жолжүргенде үстінен өткенім болмаса, ауыл ішіне кіріп көргенім жоқ. Бүгін бірінші рет келіп тұрмыз. Көлік тежегіші шикылдап, ескі үйдің алдына кеп тоқтады. Сұр шпыры жаңбыр мен судан көктеп кеткен, қабырғаларынан әк түсіп, сылағы ғана қалған ескі үй. Әкем аулаға кіре сала, қабырғасын алақанымен сипап ұзақ тұрды. Құдды бір аяғандай, сылағына зиянын тигізгісі келмегендей ерекше жұмсақтықпен, мейіріммен сипағаны сезіліп-ақ тұр. Көк бояумен боялған ағаш есік әбден күнге күйіп, сықпыты кеткен. Құлыштың орнына жіп байланған есікті ашып, «біс-милла» деп кірді. Оның ізінен біз де ендік. Терезелерін әбден шаң басқандықтан күн сәулесінің жарығы сығырайып қана түсіп тұр. Басқан сайын сықырлаған едені мазанды қашырады. Үйді бір шолып шыққан әкем әр бөлмені таныстыра бастады.

– Мынау – біздің зал. Мұнда ер балалар жататынбыз. Мына бөлме – үйдің үш қызыныкі. Ал мына жер – ата мен әжеңнің орны. Шығаберістегі бөлмеге түнде біз ешқайда шығып кетпесін деп екеуі жататын. Сықырлаған дауысты естисе, аталарың аяқ жағында жатқан балдақ ағашымен қойып қалатын, – деді сәл жыммып.

Жай ғана түсіндірген жоқ. Оның сол мезетте айтқан әңгімесі мұражайдағы жәдігерлерді таныстырған адамдай шын жүректен, бар ынтысымен айтылған-ды.

Сыртқа шығып мал қораны, монша мен сарайды да көрсетті. Құдды бір сол үйді бізге сатқысы келіп тұрған адамша барлығын тәптіштеп түсіндіріп, көрсетіп

әлек. Жалпы, мұнда адам тұрмағанына 10 жылдан асқан. 2000-жылдардың басында атам мәңгілік сапарына аттанған соң, үйдің үлкендері қалаға, кішілері әкемді алып Ақтөбе жақтағы ауылға көшіп кеткен. Ал үйді сатып алатындар табылмаған соң қаңырап бос қалған. Оны да сол жерде әкемнің әңгімесінен білдік.

– Үйдің артқы жағында жыра бар. Жазда ауылдың барлығы сол жырадан аққан суға шомыламыз. Біз дәу папаң екеуміз үйдің кішкентайларын, аға-көкелеріңді суға батырып ойнайтынбыз. Қыста біздің үйдің Ақтабан деген төбеті болды, соны шанаға жегеміз, – деп әңгімесін ерекше жылылықпен айтып жатыр. Үйдің үш баласы қызға тыңдап, көз алдымызға елестетіп үлгеруге тырыстық.

Әкем көше жақ бетке шығып, кезекті әңгімесін бастады:

– Мына үйде Қуаныш ағаларын тұрды. Құдайы көрші, үйдің құрдас екеуміз бірге өстік. Бала кезден домпа, ләңгіге жақын еді. Күннің шығып тұрған уақытында түскі ұйқыдан қашып соған барамын. Қорғасын құйылған қойдың жүнін алып шығып маған ләңгі тебуді үйретеді. Икемі жоқ мен бес-алтаудан артық тебе алмаймын. Ол ашуланып көшені басына көтеріп: «Міне, былай!» деп айқайлап, тағы көрсетеді. Мал жайлап болған соң да Қуанышқа келемін. Екеуміз бірге футбол ойнауға ауылдың шетіне барамыз. Ол жерде де допты аяғында еркін ұстап, қарсыласты алдап, көрермен қыздардың көзіне түседі. Доптан гөрі өзгені аяғынан көп тебетін мен қызуқанды едім. Төбелес шығарамын. Онда да басында ызадан басталған тіресу кейін қыздардың көзіне түсу үшін жекпе-жек төбелеске ұласады, – деген әкемнің сөзіне аузымызды ашып қалдық.

Жалпы ол кісі – қол көтермек түгілі, дауыс көтермеген адам. Ұрмай-ақ, қабақ шытпай-ақ тәрбиеледі. Еркелейтін кезінде еркелетіп, артық кеткен кезімізде жай жыммып: «Өй, кой!» деген сөзіне иланатынбыз. Міне, сол адамның бала кезінде қызуқанды, төбелеске әуес болғанын бірінші рет естіп таңғалдық.

Аула сыртында алғашқы шылым шегіп, атамыздан таяқ жегенін, бешірде болған оқиғаларын айтып, шөп өртегені, ең бірінші мал сойғаны туралы



естеліктерін бөлісіп отырғанда жарты сағаттай уақыт өтіп кетті. «Бір үйге кіріп су ішіп, жолға шығайық» деген жүргізушінің сөзінен кейін ойы бөлініп кетті. – Шерханның үйіне кірейік, – деп көршінің ауласына қарай жол сілтеді. Сол мезетте жүргізушіні жек көріп кеткенім рас. Өйткені, аса бір ыстық сезіммен айтқан естеліктер бізге қызық еді. Әкем бала болып кеткендей...

Көрші үйдің ауласына кірген кезден-ақ әкемді таныған әжей оны құшақтады.

– Үйбә-ә-әй, балаң өзіннен айнымай қалыпты ғой. Кіші ұлың ба? – деп құп-құрғақ ернімен маңдайымнан шөп еткізді. Өз әкемнен басқаға жолап көрмегеннен ба, ол кісіні жылы қабылдай алмағаным рас. Бірақ әкеме жақын адам секілді. «Су ішеміз де, кері жолға шығамыз» дегенге қарамастан әлгі кісі көлеңкедегі сөкіге сүйреді. Бізді күткен адамдай самаурыны да қайнап тұр екен. Анам келіндік қызметін атқарып, шай құюға кірісті. Әкем бізді, үш баласы мен анамды, жүргізушіні таныстырып болып, қаладағы жағдайы туралы баяндап отыр. Ыстық шайға ыстық күнде зауқым соқпаған соң жыбырлап кеттім.

Шай ішіліп, әңгіме айтылып болған соң, дастархан басынан тұрдық. Рахметімізді айтып шығып бара жатқанда әлгі әже:

– Біздің жағдай осы. Ауылда а-а-мыз. Бір-екі сиырымыз бен пенсиямызға күн көріп отырмыз сол. Сендер қалаға әбден сіңіп кеткенсіңдер ғой. Енді мынау емес пе, 10 жылды артқа тастап барып бір келгенің. Онда да тек жол-жөнекей соғып тұрсын. Балам, бір демалыста ауылға келсеңдерші. Қай үйге кірсең де, ешкім қуып шықпайды, өздеріңнің туған ауылдарың. Төрін ұсынып, қуана қарсы алады. Өздеріңді көрсем, марқұм Жәкешімді көргендей боламын. Бүгін сендер сияқты балаларын жетектеп, құрдастарыңның қастарында жүретін кезі ғой. Өткен,

Құдайға ешкім қарсы келе алмайды. Өй, айтпақшы тұра тұр, – деп көз жасын сүрте сала асыға басып үйге кіріп кетті. Үйден қолына бір орамалды ала шыққан ол:

– Мә, құлыным, қонаққа барғанда тағарсын. Импортный орамал, өткенде қаладан правдөстер келіп сатқанда алғам, – деп анама ұстатты. Ал мынау кенже балаға деп, маған қағаз екі жүз теңге ұстатып жатқанда әке-шешем азар да безер болды. Әжей олардың қарсылығына қарамастан:

– Тиме, ала ғой. Гүлзаданың немересі – менің де немерем. Бала ғой. Әйтеуір, ақша беретін әже бар деп сені ауылға сүйреп тұрсын. Әкенді келесіде ауылға алып келсең, тағы да ақша беремін. Көп ақша беремін, – деп күліп алды. Мен де ақша берген әжеге жүрегім жылып қалды.

Көлікке отырып, ауылдың ішін бір-екі айналып, әкемнің кезекті естеліктерін тыңдадық. Мұғалімнің алдында тақылдап сабақ айттып тұрған бала сияқты... Шынымен кішкентай балаға ұқсап кетті. Ұйып тыңдап отырған бізді көргенде шабыт алып, тоқтамастан сөйледі.

– Мынау тұрған клуб. Осында талай бидің түбін түсіріп, қызға алғаш сөз айтқанбыз. Мына жер бұрын контор болды. Анау жерде МТМ (машинатрактор шеберханасы – А.Н.), тракторлар тұратын. Мына ойда мен тракторды аударып алғанмын, – деп әкемнің ауылдан шыққанша әңгімесі таусылмады.

...Үлкен жолға жақындаған сайын әкем қайта-қайта айнаға қарай бергені есімде. Ауылдан алыстаған сайын аз ғана уақытқа оралған балалығын тағы артқа тастап бара жатқанын түсінбеген едім. Тас жолға түскен кезде терең күрсінді. Сол мезетте оның бір тамшы жасы менің бетіме түскен. Бірақ оны әкем екеуміз білеміз.

Аслан НУРАЗҒАЛИ



Мұнай өндірісінің майталманы М.Саламатов есімі ұлықталды

Қаладан 190 шақырым қашықтықта орналасқан «Күмкөл» мұнай кенішінде белгілі мұнайшы Мұрат Саламатовтың 80 жылдығына орай футболдан компания қызметкерлері арасында турнир өтті.

Сb Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Турнир тұлғаның ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімімен басталды. Жарыстың ашылу салтанатында Мұрат Ғазизұлының шәкірттерінің бірі «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ мемлекеттік органдармен жұмыс жасау департаментінің директоры Тілеуберген Шаутай құттықтау сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Мұрат ағамыз нағыз істің адамы еді. Басшылық міндетін атқарғанда да қарапайым қалпынан бір танған емес. Көзіміз көрді ғой. «Күмкөлдi» басқарып тұрған тұсында ысылған, қалыптасқан өз ісінің маманы екені байқалатын. Оның осы іскерлік қасиеті бұл жерді дамыта түсті. Бүгінгі биігіміз сол кісінің өлшеусіз қосқан үлесінің арқасы десек, қате емес шығар. «Елу жылда – ел жаңа». Бұрынғы ол кісінің көзін көргендердің орнын жаңа қызметкерлер алмастырды. Біз 35 жылдан аса қызметімізде Мұрат ағаның қаншалықты ұлтжанды, қаншалықты білікті ірі тұлға екенін көрдік. Ол – өзінің азаматтық борышын үлкен жауапкершілікпен атқарған адам. Олай дейтінім, ол кісі күн-түн демей, ыстық-суыққа төзіп, мұнай саласын дамытуға күш салды. «Жақсының аты өлмейді» дейді емес пе? Бүгінгі турнир мақсаты сол, жақсының атын ұмытпай, кейінгіге ізгілікке толы еңбегін ұлықтау. Бүгінгі жарыста бәріңізге сәттілік тілеймін, – деді ол.

Осыдан соң Әнұран шырақалып, ойын басталды. Турнирде тек 45 жастан асқан ер адамдардан құралған 2 ко-



манда бақ сынады. «Күмкөл» командасы өз алаңында «ҚАМ» командасын қабылдап, ойын көрігін қызыдырды. Ал компания жұмысшылары арасында өткен бұл бәсекеге қалың спорт бөлімінен келген Нұрбек Убаев пен Берекет Тілеков төрелік етті.

20 минуттан 2 таймға созылған ойында әр команда алаңға 8 ойыншысын шығарды. Алғашқы тайм әдемі пас, жойқын шабуылдармен өрбиді. Гол да салынды. Себебі қорғаныстағы қателікті сәтті пайдаланған «ҚАМ» командасының шабуылшысы Ғабит Есжанов ойынның 11-минутында қарсылас қақпасына саңылау тауып, есеп ашты. Ал екінші тайм бітер тұста қонақтар өз алаңында тәртіп бұзып, төреші 7 метрлік айып добын берген жол. Тіпті, бірнеше рет доп қақпа маңдайшасына тиіп, кері серпілді. Тағы да үзіліс. Енді қалғаны 1 тайм ғана. Алаң қожайындарының үміті осы таймда еді. Екінші тайм бастала салысымен күмкөлдiктер бірнеше жойқын шабуыл ұйымдастырды. Екі-үш рет ауттан доп лақтырып, екі-үш рет әулетіп пас та асырды. Абырты болғанда осы еңбектері қайтып, қарсылас команданың



алдындағы қарбалас сәтте Нұраш Көшербаев гол соғып, есепті өз пайдасына шешіп кетті. Бұдан кейін де тәуір шабуылдар болды. Алайда есеп өзгерген жок. Тіпті, бірнеше рет доп қақпа маңдайшасына тиіп, кері серпілді. Тағы да үзіліс. Енді қалғаны 1 тайм ғана. Алаң қожайындарының үміті осы таймда еді. Екінші тайм бастала салысымен күмкөлдiктер бірнеше жойқын шабуыл ұйымдастырды. Екі-үш рет ауттан доп лақтырып, екі-үш рет әулетіп пас та асырды. Абырты болғанда осы еңбектері қайтып, қарсылас команданың

барлық ойыншысы алға шығып кеткенін уақытында аңғарған Бақберген Жаманбаев алаң ортасынан қарсылас қақпасына керемет гол соқты. Ойын осы голдан соң тіпті қыз түсті. Алайда овертаймда да шын мықты анықталмады. Шешуші сәт пенальти сериясына қалды. Мұнда қос қақпашы да шеберліктерін көрсетіп, бірнеше допты тойтарған. Дегенмен кез келген бәсекеде жеңімпаздың болатыны анық. Пенальти сериясында қонақтар алаң қожайындарынан басым түсіп, жеңіс тұғырынан көрінді. Қорытынды есеп – 4:3.



Жеңімпаздарды «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ кәсіподақ комитетінің төрайымы Бақытжан Мұқашева марапаттады.

– Сыр бойында тұңғыш рет «қара алтынның» қазығын қаққан, осынау ізгілікті іспен өмірінің ақырына дейін тынбай шұғылданған Мұрат Ғазизұлының есімі біздің компаниямыз, Сыр өңірі үшін де етене таныс. Биыл көрнекті тұлғаның туғанына – 80 жыл. Осынау бастамаға білек түре кірісіп, салтанатты іс-шараның басынан табылғандарының үшін барлығыңызға алғыс білдіремін. Бүгінгі жолдастық кездесу өте тамаша өтті. Жеңістеріңіз құтты болсын! – деді ол.

Марапаттау рәсімінде кәсіподақ атынан 1 орын алған «ҚАМ» командасына 100 мың, II орын иемденген «Күмкөл» командасына 80 мың теңге қаржылай сыйлық табысталды. Айтпақшы, жасыл алаңға шығып, жасындай жарқылдаған ойыншылар да назардан тыс қалмады. Ғабит Есжанов «Турнирдің бастамашысы» номинациясымен марапатталды. Ал «ҚАМ» командасының ойыншысы Бақытжан Бихожиев пен «Күмкөл» командасының

ойыншысы Нұрмұрза Қасымов «Спорт ардагері» номинациясын иеленді. Бұған қоса, оларға 15 мың теңгеден қаржылай сыйлық берілді. Марапаттау рәсімінен соң қос команданың ойыншылары естелік суретке түсті.

– Мұрат аға облыста мұнай өндірісінің үлкен жүйесін қалыптастырды. Бүгінде соның жемісін өңір тұрғындары көріп отыр. Расында, «Күмкөл» мұнай кенішін алғаш басқарған ол кісіге аз міндет жүктелмеген. Алайда сол қиындықтың бәрінен тұралатпай алып шығып, қаншама адамның нәпақасын табуға ықпал еткен ол кісінің еңбегі ерен. Ағамыз уақытында көптеген шәкірт тәрбиеледі. Ол кісінің көп жақсылығын көрдік, ізінен ердік. Бүгінгі турнирдің маңызы сондықтан зор деп ойлаймын, – деді «ҚАМ» командасының ойыншысы Бақытжан Сағындықұлы шарадан соң.

Орайы келгенде айта кетейік, шара ұйымдастырушылары компания қызметкерлерінің өтінішіне сәйкес, Мұрат Саламатовты еске алуға арналған турнирді енді жыл сайын өткізуге күш салатынын жеткізді.

Желден жүйрік жануар



– Алты алаштың алтын кіндігінде жылдағы дәстүрге сай сәні мен салтанаты жарасқан «Алтын дән» мерекесімен қоса Сыр жұртының бас шары – Қызылорда қаласының туған күнін атап өтудеміз. Кез келген елдің ұлылығын мәдениеті мен салт-дәстүрі таныта, соның ішінде ұлттық спорт ойындарының орны бөлек. Байге – көшпелі халықтың мәдени дәстүрінде дара түрі, атадан балаға мирас мұра. Кейінгі жылдары ұлттық спорттың облысымызда бұқаралық сипат алып келе жатқандығы қуантады. Бүгінгі сайысқа үкілеп жүйрік қосқан азаматтардың мерейі үстем болсын, – деді ол.

Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы саласы ардагерлерінің төрағасы Нұрлыбай Лұқпанұлы жылқы қазақтың ұлттық санасеміз, рухани болмыс, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, мәдениет пен өнерінің тұтас бір айырылмас

бөлігі екенін тілге тиек етіп, барша жарысқа қатысушыларға ақ батасын берді.

Осыдан соң жарыс та басталды. Атсейістер республика, облыс көлемінде бәйгелерге қатысып жүрген өз жүйріктерін жарысқа үкілеп қосты. Бір сәтте ипподром шабандоздардың қиқуы мен тұлпарлардың дүбірін толды. Айтпақшы, жүзге жуық шабандоздың бәрі қызылордалық емес. Бап пен бақ сынауға Астана, Алматы, Шымкент қаласы мен Жамбыл, Түркістан, Ұлытау, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарынан келді.

Енді жарыс нәтижесіне ойысалық. 5 шақырымды артақтаған тай жарыста Шиелден келген шабандоз Дамир Әуезханнның жүйрігі топ алдында келіп, қанжығасына 400 мың теңгені байлады. Мәре сызығына алғаш болып келген үштікті Сырдария ауданының әкімі Мұрат Ерғешбаев марапаттады. 11 ша-

қырымды құрайтын құнан бәйгеде жалағаштық шабандоз Ержан Әлиханға I орын бұйырып, 2 млн теңге еншіледі. Бұл жолы жүлделі орын иелерінің марапатын кәсіпкер, «Құрмет» және «Парасат» орденінің иегері Самұрат Имандосов табыстады.

15 шақырымды топ бәйгеде жамбылдық Асылжан Назар жеке келіп 2 миллион теңге иеленді. Үздік шабандоздарды облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов марапаттады. Елдің үздігі күткен 25 шақырымға созылған аламан бәйгенің жүлдесі жалағаштық Ержан Алиханға бұйырды. Шабандозға 4 миллион теңгенің сертификаты табысталды. Аламанды шашасына шаң жұқпай, оза шауып мәреге алдымен жеткен жүйріктерді қала әкімі Асылбек Шәменов, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев пен облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев марапаттады.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қазақ тарихында жылқының орны ерекше екенін, оны бағалай да, баптай да білгенін айта келіп, жеңімпаздар мен жүлдегертерді құттықтады, ұлт өнерінің сара сайысын дамытуға қосқан үлестері үшін алғыс білдірді.

Бүгінде аймақта ұлттық спорт бұқаралық сипат алууда. Өңірде 16 мыңнан аса спортшы ұлттық спорт түрін шұғылданады. 2018 жылы Қызылорда қаласында «Ұлттық және ат спорты түрлері бойынша спорт клубы» ашылды.

Бұл дүбірлі бәсекеден бір нәрсені анық байқалық. Сыр жұртшылығы жыл санап дамып келе жатқан ат бәйгесін әбден сағынғаны көрініп тұрды. Бұл дейтініміз, ипподромда жиылған халық бәйге өз мәресіне жеткенше қиқулап, мерекенің сәнін кіргізді. Осыдан-ақ дәстүрлі игі шараның қонақтар мен қызылордалықтарға ерекше көңіл-күй сыйлағанын аңғардық.

«Өрлеу» біліктілік арттыру Ұлттық орталығы АҚ филиалы облыс бойынша кәсіби дамыту орталығында педагогтарға арналған вебинар өтті. Оған қаладағы білім беру ұйымдары директорлары мен оқу ісі жөніндегі орынбасарлары қатысты.

Сb Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

«Педагог» кәсіби стандартын талқылады



Вебинарды аталған орталық директорының орынбасары Сәкен Серікбаев жүргізді. Ол «Педагог» кәсіби стандартының маңыздылығына тоқталып, педагогтың нақты мамандығы бойынша қазыреттілігі мен критерийлерін сипаттайтын және негізгі және қосымша кәсіби қызметінің мазмұнын талдайтын жүйеге орай ашық пікір білдіруге шақырды.

Орталық әдіскері Ақмарал Ләпбаева баяндама жасады. «Кәсіби педагог стандарты не үшін

қажет? Ол стандарт педагогтың үздіксіз кәсіби дамуына қалай әсер етуі мүмкін? Елдегі білім сапасына өзгеріс енгізе ала ма? «Кәсіби стандартты қолдану салалары қандай?» деген сұрақтарға кенінен жауап берді.

Қатысушылар өздерінің тәжірибелеріне және кәсіби стандарттағы квалификациялық деңгейлерге байланысты қызметінің түрлерін, міндеттерін, педагогке қажетті білім, шеберлік және дағдыларын зерттеу бағытында сұрақтарын қойды.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы Стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор, экономика ғылымдарының кандидаты Уразбаев Нұрлан Жеткергенұлына анасы

Лайық Ибрашеваның дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.